

SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады



Сурет: А.Есиповтікі

Дала клубтары: бастамалардан нәтижелерге дейін

Наталья Шивалдова, Экомактаб, nshivaldova@mail.ru

2012-2013 жылдары энтузиастердің (белсенділер) күшімен және ақбөкенді сақтау Альянсының белсенді қолдауымен Дала клубтарын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізілді. Егерде бұл қоғамдық бастамалардың пайда болуын географиялық картадан қарасақ, оның сондай кең екендігі байқалады: Қалмақияның шексіз даласынан Арал теңізінің шөлді ландшафтарына дейін созылады. Бұл жерлерде орналасқан қалалар немесе кішігірім поселкалардың өздеріне тән қайталанбас ұлттық мәдениеттері, әдет-ғұрыптары, өмір сүру ерекшеліктері бар. Бұл региондардың барлығын жалпы және өте маңызды бір мәселе біріктіреді – бұл территориялар ақбөкеннің мекендейтін жерлеріне жақын орналасқан.

Көп жылдар бойы адамдар өздерімен көршілес қоныстарда дала антилопасының бірнеше мыңдаған топтары жайылып жүргендеріне үйреніп кеткен. Ақбөкен көне уақыттан бері адам баласын азықпен әрі киіммен қамтамасыз ететін аң аулаудың таусылмайтын көзі есебінде саналды; әдет-ғұрып пен мәдениет үшін табиғаттың тамаша көрінісі болды. Егерде бүгін дала

поселкасында тұратын мектеп оқушысынан «Ақбөкенді көрдің бе?» деп сұрасаң, оның жауабы теріс болуы мүмкін. Әйтпесе, балалар ақбөкенмен кітаптардағы суреттерімен таныс немесе кәрі кісілердің айтқан әңгімелерінен білуі мүмкін, өйткені ол адамдар өздері тұрған ауылдар маңынан бұл дала көшпенділерінің мыңдыған тобы өтетін ерте уақытта өмір сүрген ғой.

Ақбөкенмен көршілес өмір сүрген адамдарда көп жылдар бойы бұл жануарға тән-оларды пайдалану жөнінде қате көзқарас қалыптасқан: «Тек аулау, пайдалану», ал оған көмектесу жоқ! Табиғат ақбөкеннің өмір сүруі үшін барлық мүмкіндерді жасады: тіршілік ету әдістерімен, өніп-өсу жолдарымен қамтамасыз етті. Бірақ бүгінде ақбөкен сондай қиындыққа тап болды. Қалай көмектесу керек және ақбөкенге кім көмекке келеді? Бірінші кезекте, адам өзінің оған деген пайдалану және жыртқыштық қатынасын өзгерту керек, өйткені ол шөл-шөлейтті экосистеманың маңызды бөлігі ғой. Ақбөкенсіз шөл-шөлейтті территориялар одан әрі және өте тез деградацияға ұшырайды.

Жалғасы 2-ші бетте

Қаржылай көмектері арқылы шығарылады:

Мазмұны

Негізгі мақала

Наталья Шивалдова

Дала клубтары: бастамалардан нәтижелерге дейін..... 1

Жаңалықтар

Кристиан Ретгер

Астанада ақбөкенді сақтау жөніндегі мәжіліс өтті..... 4

Юрий Грачев

2013 ж. Қазақстанда ақбөкенге жүргізілген авиасанақтың нәтижелері... 5

*Наталья Шивалдова, Евгения Самтанова,
Карлин Сэммуэль и Жанна Аксартова*

Ақбөкен күні-2013

Өзбекстанда «Ақбөкен күні» аталып өтті..... 5

Қалмақияда ақбөкенге арналған мейрам..... 6

«Ақбөкен күні» Қазақстанда..... 7

Прессалардан:

Қазақстанда ақбөкендердің жаппай қырылуының тағы бір оқиғасы. 8

Қытайда ақбөкен мүйіздерінің үлкен жүгі ұсталды.

Ақбөкендерді қолда өсіру-табиғаттағы популяцияларды тұрақтандыру факторы.

Өзбекстанда фотоловушкарды пайдалану.

Эко-білімдердің негіздері «Дала клубтары» мысалында.

Мақалалар

Наталья Судеец

«Степной» қорықшасындағы «Шекаралық» оқиға немесе ақбөкендер кімнің жерінде лақтайды? 12

Эмма Мардсен және басқалар.

Өзбекстанда 2006-2012 жж. Ақбөкенге мониторинг жүргізу мәліметтеріне талдау..... 14

Жаннур Бакытжанқызы

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватында ақбөкен мониторингісі..... 15

Лиджиа Дорвард және басқалар.

Солтүстік-Батыс Прикаспийде мекендейтін ақбөкендер популяцияларының жай-күйін бағалау үшін жергілікті жұртшылықтар қатысқан мониторингты пайдалану..... 17

Елена Быкова, Александр Есинов

Өзбекстанда Үстірт қыратында тұяқты аңдардың сирек түрлерін заңсыз аулау дәрежесі 19

Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

Анатолий Хлуднев, Ресей 20

Хабарландыру

Ақбөкеннің ресурстық Орталығы ашылды!..... 21

Жалғасы (басы 1-ші бетте)

Қайнар көздері

Қазірде, көп жылдар бұрынғы сияқты, мұғалімдер қоғамның ең бағалы қасиеттерін, әдет-ғұрпын және дүниеге көзқарастарын тасушылар болып есептеледі. Білімнің белгілі бөлімін, ойлаудың критикалық түрін меңгерген мұғалім әр кезде социальды белсенді және бірінші болып қоғамда және қоршаған ортада пайда болған проблемаларға көңіл бөледі. Сондықтанда, ақбөкенді қорғауға бағытталған бірінші қоғамдық бастамалар мектеп мұғалімдер ортасында тууы таңғаларлық мәселе емес. Мектеп қабырғасында тәжірибелері мен даналықтары мол қарт ұрпақтар мен жалынды жастарды әрі орта буынды біріктіретін энтузиасттердің алғашқы группалары пайда болды.

Алғашқы олардың мүмкіндіктері мен потенциалдары, ірі масштабты шарасы «Ақбөкен күні» өткізу болды. Бұл шараны өткізу мүмкіндігі ақбөкенді сақтау Альянсының, табиғатты қорғау жөніндегі жергілікті өкімет органдары мен мемлекеттік структуралардың тікелей қатысуымен әрі олардың қолдауымен жүзеге асты. Ақбөкен күні, жергілікті халықтың әртүрлі жастық және социальды группаларының қатысуына арналған, идеялық және географиялық жағынан біріктірген Қалмақия, Қазақстан және Өзбекстанның ақбөкен мекендейтін аудандарында – поселкаларында шамамен бір уақытта өткізіледі (одан әрі осы номерді қара).

Биылғы жыл ақбөкенді қорғаудың қоғамдық бастамасын қолдаудың елеулі кезеңі болды; өйткені осы жылда Далалық клубтар өздерінің қалыптасуларында алғашқы қадамдарын іске асырды. Қалмақия Республикасында Яшкөл гимназиясы базасында Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығының активистерінің қатысуымен «Тірі мұра» («Живое наследие») атты Дала клубы жұмыс істейді. Бұл клубтың мүшелері өздерінің Уставын бекітті, келешектігі жұмыс программасын қабылдады; клубтың эмблемасын бекітті, онда сүйікті және қорғаусыз ақбөкеннің құралайы (лағы) бейнеленген.

Қазақстанда ақбөкеннің бетпақдала және Орал популяцияларына жақын қоныстарда, Ақкөл, Ажібай және Нұрсай поселкаларында ауылдық мектептер базасында Дала клубтары ұйымдастырылған. Өзбекстанда ақбөкеннің Үстірт популяциясының мекендейтін жерлерінде Дала клубтарын Жаслық поселкасындағы № 54 мектеп базасында, Қарақалпақия поселкасында № 56 және № 26 мектептерде, Нөкіс қаласында № 37 мектепте ұйымдастыру туралы қоғамдық бастаманы сол мектептердің мұғалімдері және жергілікті қоғамдық ұйымдардың өкілдері қолдады. Клубтарды ұйымдастыру алдында бұл поселкаларда семинарлар өткізілген; онда экологиялық білімнің негізгі методикалық әдістері туралы сөз болған, сондай-ақ онда

бастама группаларының барлық идеялары мен жоспарлары талданып «жалпы қортындыға» келген.

Дала клубының феномены

«Таңқаларлық», бірақ біздің балаларымыз ақбөкен туралы тым аз біледі! Иә және олар қалайша біле алады, егерде телевизорлар экрандарынан немесе қазіргі оқулықтардан оларға оңай-ақ антарктикалық пингвиндермен немесе африкалық арыстандармен танысу, өздерінің поселкаларының және қалаларының маңында таяуда ғана тіршілік еткен тамаша антилопамен танысқанша. Тіпті балалар аланында жасөспірімдер тағы да бөтен елдер жануарлары өкілдерімен кездеседі. Мен сыртта қала алмаймын және жай бақылаушы болада алмаймын, өйткені туған елдің табиғаты, оның тамаша өкілдері туралы білімімізді жоғалтқанымызға қайран қаламын! Ақыл мен білімімізді жоғалтып, бағалының құндылығын біз тіпті жоғалтамыз және дала үшін өте маңызды ақбөкен сияқты түрлердің жоғалтып алу қаупі бар екендігін сезінеміз. «Өзіңнің үйіңнен» бастау керек: өзіңнің көшеңнен, ауыл-селоңнан, регионыңнан, еліңнен, планетаңнан; сен тұратын жердің тарихынан, халықтың тарихынан, ұлттың тарихынан; өз өміріңнің тіршілігінен, өзіңнің жаныңнан, жүрегіңнен басталуға тиіс. Мен келісемін, бұл мақсатқа жету үшін біріккен информациондық – экологиялық кеңістік ұйымдастыру қажет.



Сурет II. Галомченко И.

«Тірі мұра» Дала клубына қатысушылар Бүкілресейлік В.Р.Вильямс атындағы азық ғылыми-зерттеу институты мен Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы ғалымдарымен кездесті.

Ал, Дала клубтары - рухани мүдделер «көздеріне» қайта келуге таптырмайтын мүмкіндік және ақбөкенді сақтау үшін күресу жолы – мұндай пікірді Қарақалпақстан Республикасының Нөкіс қаласындағы № 37 мектептің энтузиаст – мұғалімі Абдікаримова айтты; ол, бірінші болып, Дала клубтарының дүниеге «келуін» қолдады.

Егерде Дала клубының форматын еске алсақ, онда ол әдеттегі мектептің экологиялық клубына қарағанда форматы әлде-қайда кең болады; бірақ олда Жергілікті мектептердің энтузиаст – мұғалімдердің бастамаларына сүйенеді. Клубтың барлық мүшелері ақбөкенді сақтау идеясына біріккен; оның белсенді қорғаушылары болып табылады, сонымен бірге дала антилопасына браконьерлік жасауды тоқтатуды қалайды. Мазмұны жағынан, клубтар қызметін шартты түрде маңызды екі бөлімге бөлуге болады: Экологиялық тәрбие және балалар мен жасөспірімдерді оқыту; және ересектердің мүмкіндігі әрі білімін көтеру.

Сурет А. Есмоилов



Мадина Абдікаримова және «Надежда» дала клубы (№37 мектеп, Нөкіс қаласы) өздерінің жұмыстарын Нөкісте (Өзбекстан) ақбөкен күніне арналған пресс – конференцияда көрсетті.

Дала клубтары қызметтерінің жалпы бағыттары анықталып, келіскеннен кейін олардың міндеттері аталып көрсетілді. Өскелең ұрпақтар үшін маңыздысы – ақбөкенді сақтау мен қорғау жөніндегі практикалық қызметтерге қатыстыру арқылы қоршаған ортаны қорғау проблемаларына қызығушылықтарын тудыру; өздерін танымдық зерттеу жұмыстарын жүргізуге дағдыландыру; коммуникативті және басшы болу дағдыларын дамыту, сонымен бірге келешек мамандық алудың бастапқы негізін қалыптастыру. Жалпы, бұл өскелең ұрпақтарды саналы түрде ақбөкенге браконьерлік жасаумен күресуге қатысуға көмектеседі, ал соңғы мәлімет бойынша, браконьер жасы – жасарды, заңсыз ақбөкенді аулаумен көбінесе жастар айналысады. Сондай-ақ балалардың әрекеттері ересек адамдарда жағымды көзқарастар қалыптасуына әсер етуі мүмкін. Мынадай мысал белгілі: бала, өзінің идеялық пікірі бойынша, ақбөкен етінен дайындалған тамақты жеуден бас тартады, сондықтанда анасында ақбөкен етін сатып алу мүмкіндігі азаяды.

Дала клубтары, сонымен бірге, актуальды әрі уақытында білім беруді ұйымдастыру алаңы да (ересектер білімін көтеру) болып табылады. Ол үлкен кісілердің мәдени деңгейін көтеруге, жалпы ой-өрісін кеңейтуге, білгірлік және мәдени дәрежелерін қанағаттандыруға бағытталған. Егерде қосымша

дағдылар мен квалификация алуға мүмкіндік туса, онда ересек адамдардың активтілігі мен мотивациясы артады. Осы себепті, келешек жоспарда клубтар платформаларында әртүрлі қолөнерлерді дамыту, қолданбалы творчество және табиғи туризм сияқты бизнес – проектылерді ұйымдастыруда қажет.

Редакциядан: Ақбөкенді сақтау Альянсы PTES (People's Trust for Endangered Species) фондысын 2012-13 жылдары үш елде Дала клубтар сеттерін қолдағаны үшін, сондай-ақ Дисней (Канада) фондысын алғашқы рет Өзбекстанда Дала клубтарын қолдағаны үшін үлкен алғыстарын білдіреді

Жаңалықтар

Астанада ақбөкенді сақтау жөніндегі мәжіліс өтті

Кристиан Ретгер, UNEP/CMS секретариаты, CRoettger@cms.int

2013 ж. 18 маусымда Астана қаласында (Қазақстан) қоныс аударатын түрлер Конвенциясының өзара түсінісу Меморандумының (MoV КМВ) ақбөкенді сақтау мәселесінің орындалу төңірегінде техникалық мәжіліс өтті. Бұл мәжілістің мақсаты – инфрақұрылымдардың теміржол салу құрылыстарын және Қазақстанда шекаралық қоршау салу сияқты объектілердің ақбөкендерге әсер ету себептерінің ерекшеліктерін талқылау болды. Сондай-ақ бұлардың әсерін жеңілдету жолдары қаралды; ақбөкенді сақтаудың өзара түсінісу Меморандумының орындалу төңірегінде халықаралық келісімділік механизмын ұсыну – веб-сайт ақбөкеннің Ресурстық орталығы.



Сурет: А. Есаповтіні

ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігінің вице-министрі Нысанбаев мырзаның құттықтау сөзі.

Қатысушылар Қазақстан мен Өзбекстанда салынған шекаралық қоршаудың және пайдалатын теміржолдардың инфрақұрылымдарының жағымсыз әсерлерін азайту мүмкіндіктерін талдады (*қара SN-15*). 2016 жылға дейін «Жаңа жібек жолы» проектісі төңірегінде жалпы ұзындығы 1 600 шақырым болатын қосымша теміржолдар салынады; бұл Азия мен Еуропа арасында сауда көлемін ұлғайтады. «Шығыс-Батыс» теміржол коридоры экологиясы бұзылмаған (таза) және тіпті аз қоныстанған территориялар арқылы өтеді, бұл территориялар ақбөкендер тіршілік ететін маңызды аудандар болып табылады.

Мәжіліске қатысушылар ақбөкен үшін аса қауіпсіз болатын қоршаудың жаңа типін құрастыру ұсынысын қолдады; мысалы, тікенекті сымдардың төменгі екі қатарын алып тастау. Темір жолдарды салуда олардың жағымсыз әсерлерін азайту үшін оларды ақбөкендердің мекендейтін негізгі аудандарынан алыстау территорияларды таңдап алу-жақсы болар еді. Егерде ақбөкен мекендейтін жерлерден алыстау территорияларда құрылыстарды жүргізу мүмкіндік болмасы, онда жағымсыз әсерді азайту үшін мынадай тиімді шараларды пайдалану керек; темір жол бойында адамдардың аз болуы, келген зиянды қайтару механизмін пайдалану (поезддар үшін «Ақбөкенді қорғау қоры»). Бұл ұсыныстар (рекомендация) қоныс

аударатын түрлер конвенциясы секретариатының (КМВ), Франкфурттың зоологиялық қоғамымен (FZS), Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясымен (АСБК) және Фауна мен флораның халықаралық қорымен (FFI) бірлесіп жасаған баяндамасында айтылған.

Мәжілістің екінші бөлімі ақбөкеннің Ресурстық орталығына (РЦС) - веб-сайтқа арналған; ол онлайн режимінде талқылау үшін түрді сақтау мәселелерімен айналысатын мамандар мен басқа да бұл мәселеге қатысы бар адамдарға орын беру.

РЦС информациондық платформа болып табылады; өзіне ақбөкенге қатысы бар барлық мәліметтерді жинайды, сонымен бірге көпмақсатты әдебиет, фото және видео материалдарды жинақтайды. Ресурстар бөлімі мамандар үшін ақбөкен жөніндегі эксперттер мәліметтер базасын және бұл түрді сақтауға қатысы бар проекттер материалдарын біріктіреді. Үкіметтің арнаулы өкілдері және үкіметтік емес ұйымдардың өкілі, эксперттер және мүдделі адамдар осы бөлімде тіркеледі және өзінің тәжірибесімен және проекттер жөнінде істеліп жатқан жұмыстары туралы ой бөліседі; сондай-ақ басқа қызметтер туралы мәліметтер мен мамандар жайында информация ала алады.

Веб-сайттың негізгі мақсаты – қоныс аударатын түрлер туралы Меморандумының ақбөкеннің сақтауы мәселесі жөніндегі мәліметтермен информация алмасу және ақбөкен мекендейтін мемлекеттерді және ақбөкен өнімдерін пайдаланатын немесе олармен сауда жасайтын мемлекеттерді өзара түсінісу Меморандумы төңірегінде информациямен алмасу және қызметтеріндегі тәжірибелерімен бөлісуге шақырады. Ақбөкеннің Ресурс орталығын ақбөкенді сақтау Альянсы (SCA) және АСБК жасаған, Меморандумы (MoV) орындаудың екі техникалық координаторларымен бірге және КМВ мен Швейцариядағы СИТЕС секретариатының көмегімен және қаржыландыруларымен жүзеге асты.

Кирк Олсонның «Ақбөкен үшін өтудің варианттары (жолдары). Қазақстанда шекаралық қоршау және темір жол линиялары арқылы ақбөкендердің қоныс аударуын шектеуді азайтудың нұсқаулары мен рекомендациялары (ұсыныстары)» атты баяндамасын ағылшын тілінде мына сайттан оқуға болады:

http://www.cms.int/species/eurasian_mammals/kirk_olson_c_айрак_connectivity_sw_kazakh_e.pdf;

ал орыс тілінде мына сайтта:
http://www.cms.int/species/eurasian_mammals/kirk_olson_c_айрак_connectivity_sw_kazakh_r.pdf

Ақбөкеннің Ресурстық орталығы:

<http://www.айракresourcecentre.com/>

2013 ж. Қазақстанда ақбөкенге самолетпен санақ жүргізудің нәтижелері

Грачев Ю.А., ҚР БҒМ ҒК зоология институты, teriologi@mail.ru

2013 ж. сәуір айының 4-27сі аралығында Қазақстанда ақбөкендерге зоология институтының, ҚР ҚОҚМ орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің, өндірістік бірлестік «Охотзоопромның», орман және аңшылық шаруашылығының облыстық территориялық инспекциялардың, биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы (АСБК) және ТОО «Жануарлар дүниесін ҒЗИ» қызметкерлерінің қатысуымен самолетпен санақ жұмысы жүргізілді. Алдын-ала мәлімет бойынша, Қазақстанда жалпы саны

187.0 мың ақбөкендер бар екендігі анықталды (2012 ж. 137.5 мың ақбөкендер есепке алынған), оның ішінде бетпақдала популяциясында 155.2 мың., үстіртте – 5.4 мың., орал популяциясында - 26.4 мың. антилопа саналған. 2012 жылмен салыстырғанда, бетпақдала популяциясының саны 40.9 %, оралдікі – 26.3 % өскен, ал үстірт популяциясы 17.0% азайған. Ақбөкендердің жалпы саны, 2012 ж. салыстырғанда, 36.0 %-ке өскен.



Сурет орман ж.с. Ан шир. комитетінің

Ақбөкен күні-2013 «Ақбөкен күні» бүгінде дәстүрлі халықаралық экологиялық мейрамға айналды. Оның мақсаты-ақбөкеннің жойылып кету қаупі проблемасына жұрттың көңілін аудару, сондай-ақ жұртшылықты оны сақтау үшін қандай шаралар істеліп жатқанымен хабарлар ету, бұл сирек, жойылып кету қаупінде тұрған түрге жұртшылықтың стереотипті көзқарасын, мінез-құлқын өзгерту.

Өзбекстанда «Ақбөкен күнін» атап өтті

Наталья Шивалдова, ННО «Ekomaktab»

Ақбөкен күндері Өзбекстанның далалық поселкаларында тек бірінші жылы ғана аталып отырған жоқ, бұл күндерді жергілікті балалар жақсы көріп кетті. Биылғы жылдың ерекшелігі, бұл экологиялық бастама мектептерден тыс жерлерге шықты. Мейрам шараларына сондай ынтамен жергілікті өкіметтің өкілдері, жұртшылық қосылды. Мамыр айының басында ақбөкен мекендейтін жерлердегі Қарақалпақстан поселкаларында және Нөкіс қаласында Мейрамға дайындық мұғалімдер мен Дала клубтары активисттерінің қатысушылармен өтті. Экологиялық мейрам «Ақбөкен күні» төңірегінде кейбір шаралар өтті, олардың ішінде жаңасы – «экологиялық экспресс» болды –ол әртүрлі тематикалық шаралардан тұрды; онда оқушылар әрсалада өздерінің білімдерін сынауға мүмкіндік алды; туған табиғатты қорғау, ана тіліне камқорлықпен қарау, жергілікті әдет-ғұрыпты бағалау туралы сөз болды. Биылғы жылы активті қатысушылары мына поселкалардың мектептері болды: Жаслық (№ 54 орта мектеп базасында) және Қарақалпақия (№ 56 және 26 орта

Ақбөкендер күнін өткізу бастамасын Нөкіс қаласы (№ 37 орта мектеп базасында) іліп әкетті.

Биылғы жылы экологиялық плакаттар конкурсына тек оқушылар ғана емес, сонымен бірге ересектерде – балалар бақшасының, дәрігерлер мекемелерінің, газкомпрессор станциясының өкілдері және жергілікті қауым қатысты. Мәдени, творчестволық және интеллектуальдық шаралармен қатар, Жаслық ақбөкен



Сурет А.Есамоғали

Ақбөкен құралайы биі, № 26 мектеп, пос.Қарақалпақия.

күні футболдан жарыс, ал Қарақалпақия поселкасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. «Ақбөкенді қорғаушысы» кубогын алуға арналған бұл спорттық жарысқа жергілікті милиция қызметкерлері, газкомпрессор станциясының қызметкерлері, жергілікті қауымдастық өкілдері және, әрине, поселкадағы мектептердің жоғары класс оқушылары қатысты.

2013 ж. 7-шы мамырда Қарақалпақстан Республикасы мемлекеттік табиғат қорғау комитетінің мәжіліс залында «Ақбөкен күні» экологиялық мейрамын қортындылауға арналған пресс-конференция болды. Пресс-конференцияға новатор-мұғалімдер (олардың басшылығымен көктемнің шығысымен Қарақалпақияда Дала клубтары белсенді қызметке кірісті), журналистер және қауымдастықтар өкілдері қатысты. Шаралар табиғат қорғаудың Қарақалпақия комитетінің, Өзбекстанның экологиялық қозғалысының



Сурет А.Есаиновичі

Кішкентай көрушілер ақбөкенге арналған суреттерді көруде, № 56 мектеп, пос. Қарақалпақия.

Қарақалпақия бөлімшесінің ақбөкенді сақтау Альянсымен байланысу нәтижесінде ұйымдастырылып өткізілді.

Пресс-конференция программасы төңірегінде «Дала ертегісі» мультфильмінің презентациясы болды (қара SN-16). Балаларға арналған мультфильмді балалардың өз «қолдарымен» түсіру идеясы 2012 жылы ақбөкен күнін өткізу кезінде туған болатын. Мультфильмді көргеннен кейін оны талдау болды. Барлық көрушілер бір пікірде болды: дала антилопасын қорғау үшін жұмыстың әртүрлі формалары қажет және қоғамдық ұйымдардың әрі мемлекеттердің біріккен әрекеттері қажет.



Сурет А.Есаиновичі

Экологиялық экспресс: станция «Традиции», № 56 мектеп, пос. Қарақалпақия.

Қалмақияда ақбөкенге арналған мейрам

Самтанова Е.А., «Живое наследие» дала клубы

2013 жылдың 17-ші сәуірінде Яшкөл гимназиясы (Республика Қалмақия) базасында үлкен табыспен «Ақбөкен күні» өтті. Мейрамның қонақтары мен қатысушылары Қалмақия Республикасының жеті мектептерінің оқушылары болды, сонымен бірге Ресейдің Ростов облысы Орлов ауданының оқушылары болды. Мейрамды «Ақбөкен туралы ойлау» атты қалмақ халқының әдет-ғұрыпымен ашты. Яшкөл поселкасындағы «Құрдас» («Ровесник») атты балалар ұйымының басшылары өздерінің отрядтар-ұлдар мүшелерін мынаған шақырды: ешкім қоршаған орта проблемасынан тыс қалуға тиісті емес, біздің ойымызда планета жөнінде мәліметтер, активті азаматтық көзқарастар болуы керек. Өздерінің музыкалды-әдеби композицияларында олар ақбөкен санының азаю себептері туралы айтты, аңыз-әңгіме арқылы Ақ кәрия – Цаган Аавтың сырын ашты, ол ақбөкендерді атпау керек деп аңшыларды шақырды. «Дала адамының жүрегі бүгінде ақбөкен жөнінде ауырады және ол туралы қайғырады, қазіргі уақыт бізге біздің тірі мұраны қалай сақтап қалу туралы ойлауды қажет етеді! – деп Ринат Кибашев, экологиялық клубтың басшысы қинала айтты. 5-6-шы класс оқушылары үгіт-насихат бағытында – адамға үндеу тастады. Балалар бұл ырымды мынадай сөздермен аяқтады: «Қалмақия даласында ақбөкен,

сеніңіз, бізге керек. Оны сақтамасақ – біз онда ата бабаларымыздың өсиетін бұзамыз».

Мейрам шараларының барысында «Тірі мұра» дала клубының экологтары күшімен дайындалған «Дала антилопасын сақтайық» деген театрланған көрініс көрермендерге көрсетілді және «Экос» үгіт-бригаданың сөздері тыңдалды.



Сурет Е. Самтанованыкі

«Тірі мұра» дала клубының театрланған спектаклінің көрінісі.

Әртүрлі мектептерден келген балалар ақбөкен және басқа да дала жануарлары және олармен көршілес өмір сүретін адамдар туралы кіші спектаклдер конкурсына қатысты. Барлық костюмдер мен безендірілген декорацияларды (қойылымда пайдаланылған) балалардың өздері жасаған. «Дала антилопасы» конкурсы жеңімпаздарының көрмеде көрсетілген жақсы жұмыстары үлкен табыспен өтті. Конкурса 136 жұмыс мынадай номинациялар арқылы көрсетілді: суреттер, өздері жасаған материалдар, шығарма, өлеңдер.

«Құрдастар» балалар ұйымының басшылары танымдық «Ақбөкенді, қорғаймыз және сақтаймыз» атты дискотека дайындап, сондай табысты өткізді. Балалар төрт командаға бөлінген, олармен кураторлары - группа басшылары жұмыс істеген. Бұл командалық билер болды, ал үзілісте ақбөкенді сақтау тақырыбына конкурстер, викториналар өткізілді. Біздің мейрам қоңыраудың соғысымен аяқталды, оған әртүрлі командалардың өкілдері қатысты. Қоңыраудың үні-



Эрднеев мектебі командасының сөз сөйлеуі.

бүгіннен бастап ақбөкенді сақтауға қатысайық! дегенді білдіреді. Ал, ертең кеш болуы мүмкін! Ақбөкенді біздің жақсы көретіндер ғана құтқара алады. Бұл проблеманы адамдардың көпшілігі өздерінің жұмыстарының бірі деп санағанда ғана қоңыраудың үні күшті естіледі.

«Ақбөкен күні» Қазақстанда

Карлин Сэммуэль және Жанна Аксартова

Биылғы жылы Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы (АСБК) Қазақстанда үшінші рет жылсайын өтетін «Ақбөкен күні» мейрамын өткізді. Бірінші рет 2011 жылы бұл мейрамды өткізгенде оған бес поселкадан бес мектеп қатысқан болатын. 350 бала бірінші фестивалдың қонақтары ретінде викториналарға және жақсы сурет салу конкурстарына қатысты, олар сондай-ақ өлеңдер оқыды және қысқа тарих жөнінде әңгімеледі. Биылғы жылы 500-ден астам бала, олардың семья мүшелері және еріктілер бұл мейрамды бірге өткізу үшін жиналды.

Бұл мекендер жұртшылығы үшін ақбөкен күнін атап өту маңызды оқиға болды, биылғы жылы барлық поселкалардың бастықтары мен әкімдері жиындарға белсенді қатысып, сөз сөйледі, көрмелермен танысып, қызықтады және сыйлықтар үлестірді.

Мейрамды концерттермен, өлеңдер оқумен және билер билеумен ашты, одан кейін арнаулы кісілерді, семья мүшелері мен балалар достарын ақбөкенге



Ойша Сіз ақбөкен суретін сала аласызба?

арналған көрмені көруге және мейрамға дейін бір жеті ішінде балалар дайындаған проекттермен танысуға шақырды.

Биыл бірінші рет ақбөкен күні шараларыне барлық жастағы балалар қатысты. Оларды жастарына қарай группаларға бөлді, сөйтіп олар өздеріне арнаулы дайындалған программаларға қатысуға мүмкіндік алды. Фестивалдың ең жас қатысушылар мен олардың семья мүшелері үшін ақбөкендер турады мультфильм көрсетілді, одан кейін кішкентай балалар өздерінің суреттері арқылы алған жаңа білімдерімен және ойларымен бөлісті. Орта жастағы балалар группасы жарыстың бірнеше раундтары арқылы «Кім ақбөкендер туралы көп біледі» марафондарына қатысты. Онда команда ақбөкеннің экологиясы мен биологиясы туралы жақсы білімдерін ортаға салды, ойша дала антилопасының суретін салды. Көпшіліктің сұрауы бойынша, олар программаны интерактивті ойынмен бітірді, онда команда браконьерлер мен ақбөкендер ролдерін ойнады, барлық кедергілер мен браконьердің



Ақбөкендермен бірге далада тіршілік ететін басқа да жануарлар туралы білу балаларға ұнады.

шабуылына карамастан, ақбөкендер, мекендейтін жерлеріне қоныс аударады.

Биыл бірінші рет жас өстірімдер ақбөкен күніне қатысты оларға “XXI ғасырдың эко-лидері» атағы үшін күресуге тура келді. Жарыс сондай қызықты өтті, үлкен жалпыкомандалық жұмысты қажет етті; барлық жарысқа қатысушылардан табиғатты қорғау саласынан, қоршаған ортаға қатысты энтузиазмын және келешекте тамаша даланың биоәртүрлілігін қорғаушылар болатындығы туралы білімдері мен ойларын көрсетуге тиіс болды.

Бұл мейрамның нағыз жағымды нәтижесі мынау болды: балалар өздерінің бұған қатысуы маңызды екендігін түсінді; өздерінің елінде ақбөкенді сақтауға олар қалай көмекшесе алатынын ойланатын болады.



Сурет АСБК-мікі

Даланың келешек “Чемпиондары”.

Прессалардан

Қазақстанда ақбөкендердің жаппай қырылуының тағы бір оқиғасы

2013 жылдың 7-шы қыркүйегінде Қазақстанның Ақмола және Қарағанды облыстарының территорияларында бетпақдала популяциясына жататын ақбөкендердің өлім-жітімі байқалды. Өлі ақбөкендер Теңгиз көлінің оңтүстігінде, батысында және солтүстік жағалауларында табылды. Өлген жануарларды сондай-ақ жаппай қырылудың жазық участкілерінен де тапты.

Қырылудың себептерін анықтау үшін ведомства аралық жұмыс топтары құрылды; оның құрамында ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, ҚР білім және ғылым министрлігінің, ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің, ҚР МВД және басқа ұйымдардың 8-шы қыркүйектен 12-ші қыркүйекке дейін жұмыс топтары жергілікті атқару органдардың өкілдерімен, ғылым-зерттеу биоқауіпсіздік институтының мамандарымен, Қарағанды облысының малдәрігерлік органдарымен бірлесіп, ақбөкендер қырылған жерлерді тексерді, болған оқиғаның масштабы мен себептерін зерттеді.

Жер бетінде және авиациондық санақ бойынша, өлген жануарлардың жалпы саны 791 ақбөкен, <http://www.eco.gov.kz/new2012/2013/09/3127-81/>, оның саны 3000 емес, одан бұрын хабарлағандай, <http://www.eco.gov.kz/new2012/2013/09/3126-192/>.

Астанада 2013 ж. 10-шы қыркүйегінде өткен пресс-конференция барысында, ҚР ТОҚМ орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің Басқарма бастығы Бақытбек Дүйсекевтің харарлауынша, өлген жануарлардан алынған биологиялық және патоанатомиялық материалдарға алдын-ала анализ жасау - пастереллездің бар екендігін көрсетті.

Бұл Қазақстанда ақбөкендердің өлім-жітімге ұшырауының бірінші жағдайы емес. Мысалы, 2010 ж., 2011 ж. және 2012 ж. мұнда барлығы 13 мыңнан аса жануарлар қырылған еді; олар Орал мен Бетпақдала популяцияларынан болатын. Арнаулы қортынды бойынша, ақбөкендердің жаппай қарылуына

Пастереллез ауруының лап етуі себеп болған, бірақ күні бүгінге дейін бұл жорамал толық расталған жоқ (қара: SN-11, 13, 14, 15). Бұрын Қазақстанда ақбөкендердің жаппай қырылуы 1981, 1984 және 1988 жылдары байқалған (қара: SN-11).

Қытайда ақбөкен мүйіздерінің үлкен жүгі ұсталған

2013 жылдың 5-шы қыркүйегінде Солтүстік-Батыс Қытайдың шекаралық қызметі ішінде 4.470 ақбөкен м.йіздері бар 35 қорбаны конфискіледі; оларды контрабандистер заңсыз елге алып келуге тырысқан. Қорбалар жүк машинасында байланған шөп тюктерінің астына тығылған. Ұсталған мүйіздердің бағаланған құны 22 миллион доллар болып табылады.



Сурет Лори Байкайікі

Қытайда 5-ші қыркүйек күні конфискіленген ақбөкен мүйіздері.

Жүк машинасының айдаушысы ұсталған; оның айтуынша, қытай жағында оны күтіп тұрған үш сыбайласы бар екендігі белгілі болды. Кейіннен оларды шекаралық постыдан 40 км жерден шекаралық қызметтің қызметкерлері ұстаған. Бағаланған құны мүйіздердің базар бағасына сәйкес келмейді; ол қытай

Соттарынның жасырын сауданы тежеу үшін пайдаланатын бағалау системамына негізделген және дәл базар бағасынан әлде қайда жоғары. Мүйіздер Қырғызстан жағынан түсті. Бұл оның көзі, мүмкін, Қазақстаннан болар.

Қосымша мәліметтерді және Лори Блэйканың видеосебін алу үшін:

<http://news.uk.msn.com/video-clips?videoid=773431b9-e1bf-4d98-9440-0f6031daa94c#tscptmf>

Бұрын, 2013 жылдың, 12-шы мамырында ақбөкеннің 719 мүйізі Қытайдың Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданында Алашань шекаралық постісінде ұсталған болатын. Қылмысқа қатысушылар арасында үш Қытай азаматтары және бір Қазақстан азаматы болды. Кеден службасының мәліметіне сәйкес, Урумчи қаласының маңындағы шекара участоғы ақбөкен мүйіздерін контрабандылық жолмен алып шығудың бірден-бірі жері болып табылады. Әдетте, мүйіздері заңсыз тасу - Алматы-Урумчи халықаралық поездымен де жүзеге асады;

Бұрын, 2013 жылдың, 12-шы мамырында ақбөкеннің 719 мүйізі Қытайдың Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданында Алашань шекаралық постісінде ұсталған болатын. Қылмысқа қатысушылар арасында үш Қытай азаматтары және бір Қазақстан азаматы болды. Кеден службасының мәліметіне сәйкес, Урумчи қаласының маңындағы шекара участоғы ақбөкен мүйіздерін контрабандылық жолмен алып шығудың бірден-бірі әкері болып табылады. Әдетте, мүйіздері заңсыз тасу - Алматы-Урумчи халықаралық поездымен де жүзеге асады;

http://www.xinjiangnet.com.cn/xj/corps/201306/t20130623_3329891_shtml



Кеден қызметкерлері Урумчиде ұсталған ақбөкен мүйіздерін тексеруде, 12 мамыр 2013 ж.

Ақбөкендерді қолда өсіру – табиғи популяцияларды тұрақтандыру факторы

2013 жылдың 28-шы мамырынан 30-шы мамырға дейін Ростов облысының Орлов поселкасында «Қолда ақбөкенді (*Saiga tatarica* L.) ұстау мен өсіру» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Мұндай тақырып халықаралық конференция үшін бірінші рет тандап алынды, ал оның инициаторы социалдық - бағыттағы коммерциялық емес ұйым Ассоциация «Даланың тірі табиғаты» болды. Ол 2003 жылдан бастап ақбөкенді қолда өсірумен айналысады. Конференцияны Ресей Федерациясы табиғат ресурстары және экология министрлігі, Ростов облысының Үкіметі, Ростов облысының Заң шығаратын органы, Ростов облысының қоғамдық палатасы, ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» программасының Ресейлік комитеті, Ресей ғылым Академиясының Оңтүстік ғылыми орталығы, Мемлекеттік табиғи биосфералық қорық «Ростов» және басқалар белсенді қолдады.



Сурет Н. Аралованыкі

Яшкөл питомнигіндегі ақбөкендер, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы.

Ресейде ақбөкен Қалмақия Республикасы территориясында, Астрахань облысында таралған; сирек бұл жануарлар Ростов пен Волгоград облыстарының территориясында кездесіп қалады. Ресей Федерациясының Минприрода соңғы арнаулы мәліметі бойынша, Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясында мекендейтін ақбөкендердің табиғи группировкасының жайы созылық күйзеліс (депрессия) үстінде, оның саны 5 мың шамасында; «қайтпайтын точкаға» жақын, оның ішінде текелері жеткіліксіз.

Конференцияға 75 адам қатысса, оның ішінде ақбөкенді ұстау мен өсірудің Ресейлік екі Орталығының өкілдері болды (Даланың тірі табиғаты» атты еуропалық дала ассоциациясының сирек жонуарлар Орталығы және Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы). Конференцияға қатысушылар вольера жағдайында ақбөкендерді өсірудің маңызды екендігін атап көрсетті, тұрақты популяция құру арқылы одан әрі табиғатқа жіберуге болады. Бұл тәжірибе дүние жүзілік практикада сирек жануарларды сақтап, қалпына келтіру үшін кең қолданылады.

Қолда өсіру арқылы түрлерді сақтаудың белгілі мысалдары зубр мен Давида бұғысын сақтау мен қалпына келтіру программасы болып табылады. Ал, Пржевальский жылқысы тек қолда ұстау мен өсіру арқылы сақталып қалды.

Конференцияның резолюциясында а (қарарында) төмендегі маңызды шешімдер атап көрсетілді:

1. Ақбөкеннің табиғи популяцияларының қиын жағдайын ескеріп, бұл түр мекендейтін елдердің Үкіметтеріне қорғау шараларын күшейту ұсынылды және генофондысын сақтау және келешекте табиғи ортаға жіберу мақсатында ақбөкенді қолда өсіру мүмкіндігіне көңіл аудару қажет.

2. Региональдық материалдар негізінде РФ табиғи ресурстары және экология министрлігіне ақбөкенді сақтаудың, қолда өсіруді қоса, бүтін федеральды программасын дайындап, қабылдау ұсынылды.

3. РФ табиғи ресурстары және экология министрлігіне ақбөкенді Ресей Федерациясының Қызыл кітабына енгізу ұсынылды.

4. Табиғи ортада ақбөкен санын тұрақтандыру мен өсіру үшін РФ Мемлекеттік думасына браконьерлікті жазалауды күшейту мақсатында РФ-ның қылмыстың Кодексіне түзетулер енгізу ұсынылды. Браконьерлік, сондай-ақ қасқыр санын реттеудің жоқтығы тек табиғи группировкаларға ғана емес, сонымен бірге питомниктерден табиғи ортаға жіберілген жануарларға жағымсыз әсер етеді. Бұл, алдымен, әлсіздеу Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкен популяциясына қатысы бар.

5. Питомниктерде ақбөкенді өсіру тәжірибесінде жинақталған материалдарды қортындылап, жануарлар санын өсіру үшін қосымша питомниктер ұйымдастыру дұрыс деп табылды; солар арқылы оларды экспериментальды зерттеу, табиғи ортаға жіберу, фермаларға, зоопарктерге, питомниктерге беру, және басқа мақсаттарға қолдануға болады. Өкіметтің региональдық және жергікті органдарына, бизнес құрылымдарына және грантадателдерге бұл бастаманы қолдау ұсынылды.

6. Қалмакия Республикасының жағымды тәжірибесін пайдалана отырып, ақбөкеннің бұрынғы таралған ареалда Үкіметтік субъектілерге ақбөкендердің өнімдерімен сауда жасауға тыйым салатын нормативтік-құқық актілер қабылдау ұсынылды.

Конференцияға қатысушылар РФА-сы УрО дала институтының жылсайынғы өтетін «Дала күні» экологиялық мейрамын 31 мамырда өткізу туралы бастамасын, сонымен бірге РФА-сы УрО дала институты мен Орыстың географиялық қоғамының 201жылды «Дала жылы» деп жариялау жөніндегі бастамасын қолдайды.

Толығырақ <http://civil-society.donland.ru/Blog/ViewPost.aspx?pageid=97328&ItemId=93121&mid=90327>



Сурет «Дала күні» табиғат ассоциациясы.

Конференцияға қатысушылар.

Өзбекстанда фотоловушкарды пайдалану

2013 ж. 19-ші шілде айында Өзбекстан Республикасының табиғат қорғау мемлекеттік комитетінің Мемлекеттік биоконтролында «Үстірт қыраты мысалында биоәртүрлілікті зерттеу үшін фотоловушкарды пайдалану» атты семинар болып өтті.

Шаралардың ұйымдастырушылар болып Госбиоконтроль, ақбөкенді сақтау Альянсы (SCA), Михаэля Зуккова фондысы және ұсақ мысық тұқымдастарды сақтау Альянсы (SCCA) есептеледі. Семинардың алдында SCA мек SCCA арасында шақыру алмасу мақсатымен, жабайы табиғатты сақтау сеттерінің (WCN) қолдауымен Оңтүстік Үстіртке біріккен экспедиция ұйымдастырылды.



Сурет А.Есановичі

Джим Сэндерсон және SCA командасы.

Сапардың негізгі мақсаты Өзбекстанда ақбөкенді және басқа да сирек жануарларды зерттеу мен сақтау жұмыстарын әрі қарай жүргізу үшін фотоловушкар техникасын пайдалануды үйрену болып табылады. Жануарлардың мінез-құлық ерекшеліктерін, популяцияның жыныстық және жастық структурасын, санын және сонымен бірге мынадай актуальды проблеманы: инфраструктуралық құрылыстардың табиғи популяцияларға әсерін зерттеу сияқты.

Фотоловушкарлар барлық дүние жүзінде таяуда ғана қолдана бастады, бірақ зоологтарға керекті құрал болды. Олар сондай ыңғайлы, экономды, тиімді. Егер бұрын бақылау үшін жетілеп бойы отыруға тура келсе

және бакылау жануарлардың тіршілігін қозғалмай отырып зерттеуді қажет ететін, ал қазір бардығы қарапайым - фотоловушканы жануарлар жүріп өткен жолдарына құру керек және керек уақытында оның мәліметтерін жинап алады. Ең маңыздысы камера алдында қозғалып тұратын объектілер болмауы қажет, өйткені датчиктердің сезімталдығы өте жоғары, тіпті желдің әсерінен камера жұмыс істеуі мүмкін. Сондықтан камераларды орналастыратын мамандарға үлкен талап қойылады: олар тек мәселенің техникалық жағын біліп қана қоймай, жабайы жануарлардың мінез - құлқын білулері қажет, сондай-ақ камераны жергілікті жердің рельефін, жасыруды және басқа да факторларды ескеріп қояды.



А.Григорьянц фотоловушкесті пайдалану әдісіне арналған семинарды ашуле.



Фотоловушканы орнату.

Барлық фотоловушкалардың жұмыс істеу принципі бірдей. Олар, әдетте, өздеріне элементтердің үш группасын енгізеді; қозғалу датчигі, фотокамера (видео жазу қызметімен) және инфрақызыл жарықдиодтары, тәуліктің қараңғы мезгілінде суреттер түсіруге арналған. Сонымен бірге, фотоловушкалар үшін аккумуляторлар немесе батарейкалар қажет. Қазірде фотоловушкалар жеткілікті ұзақ мерзімде автономдық режимде жұмыс істеуі мүмкін. Дүние жүзінің тын алыс, баруға өте қиын аудандарда мамандар бұл техниканы жартыжылға бірақ қояды.



Ташкенттегі семинарда Джима Сэндерсонның презентациясы.

Фотоловушкалар туралы, оларды орналастыру, талдау және мәліметтерді сақтау жайында семинарда доктор Джим Сэндерсон айтты - ұсақ мысықтарды сақтау Альянсының директоры, дүние жүзінде бұл техниканы пайдалану жөнінде көпжылдық тәжірибесі бар маман. Оның сөзі сондай қызығушылықпен тыңдалды. Өзбекстанда бірінші рет фотоловушкалар өткен жылы

пайда болды, міне қолданудың алғашқы нәтижелері бар. Ол туралы Валентин Солдатов өзінің презентациясында «Өзбекстанда «Джейран» Экоорталығы базасында фотоловушкаларды пайдаланудың табысты алғашқы тәжірибесі» баяндамасында айтты. Оңтүстік Үстіртке WCN алмасу тәжірибесі төңірегінде экспедицияның нәтижелері туралы баяндаманы НИГ «Туран» мүшесі Мария Грицина жасады.

Наталья Мармазинская мен Елена Быкованың презентацияларында Үстірт қыратына соңғы экспедицияның нәтижелері талқыланды; бұл экспедиция Михаэля Зуккова фондысы және ГЭФ/ПРООН проекттерінің қолдауымен жүзеге асқан.

Ғалымдар бірауыздан мойындады, фотоловушкаларды пайдалануға байланысты олардың алдында үлкен келешек ашылады. Олардың арқасында сондай жақты фото және видео кадрлер алуға болады, олардың Өзбекстанның жануарлар дүниесін жақсы білуге көмегін тигізетіндігі сөзсіз.

Толығырақ <http://econews.uz/index.php/item/2080-в-узбекстанда-жануарларды-бакылауда-жана-әдістемелер-колданады.html>.

«Дала клубтары» мысалында эко-білімдердің негіздері

2013 жылдың 25-26 наурызында Нөкіс қаласында мектеп мұғалімдерінің қатысуымен «Дала клубтары» мысалында қосымша экологиялық білімнің негіздері тақырыбында семинар-тренинг өтті. Бұл шара НПО экомактабпен бірлескен ақбөкенді сақтау Альянсы күшімен, табиғатты қорғаудың Қарақалпақстан комитеті мен Қарақалпақ Республикасы халықтық білім министрлігінің қолдауымен өткізілді.



Дала клубтары семинарына қатысушылар.

Семинар-тренингтың мақсаты профессиональдық дағдыларды өсіру және экологиялық мәдениетті дамыту үшін қазіргі педагогикалық технологиялармен танысу, сондай-ақ оқып жүрген жастарды профессиональдық бағыттарға тарту.



Сурет 4. Экономика

Жам мұғалімдер оқудың ойындық әдістерін көрсетуде.

Сондай-ақ семинар әртүрлі мектептерден келген мұғалімдердің кездесуін, идеялары мен тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік берді әрі экологиялық білім беру мәселесімен айналысатын мұғалімдерге білімдерін толықтыруға мүмкіндік берді.

Талданған мәселелердің ішінде маңызды орынды қосымша білім ретінде Дала клубтарын дамыту алды; өздерінің творчестволық және зерттеулік қабілеттерін өсіруге мүмкіндік береді; қоршаған ортаны қорғу ісінде жастардың активтілігін өсіру және флора мен фаунаның сирек, уникальды өкілдерін сақтауды күшейтеу. Сонымен бірге мұғалімдер семинар барысында ақбөкен күнін қалай табысты өткізуді талқылады әрі шараларды жоспарлау идеяларымен бөлісті. Барлығы семинарға 16 мұғалым қатысты: Үстірттен (№ 26, 54, 56 мектеп) және Нөкіс қаласынан (мектептер № 4, 34, 27, 1, 32, 37, 29), сондай-ақ Госкомприрода және Өзбекстандағы экологиялық қозғалыс партиясының екшөкілдері қатысты.

Толығырақ <http://www.econews.uz/index.php/item/1948-дала-клубтары-мысалында-экобілім-негіздері.html>

Мақалалар

«Степной» қорықшасындағы «Шекаралық» жанжал немесе ақбөкендер кімнің жерінде лақтайды?

Наталья Судец

Тәуелсіз журналист, brigantine@yandex.ru

14-ші тамыз айында астрахань мемлекеттік табиғи «Степной», қорықшасы территориясында «ақбөкендердің лақтайтын үйі», саналатын территорияға Қалмақия Республикасы жағынан автомобильдер колоннасы тоқтады; екі кигіз үй тігілді, құрлыс үшін ағаштар түсіріле бастады. Кейіннен белгілі болғандай, келгендер - осы жерде жылқы, түйе, ешкі өсіруге жиналған моңғол семьялары екен.

Қорықшаның бұл участогі ақбөкенді өсіру зонасы екен. Шақырылмаған қонақтар орналасқан жер - артезион көздері бұдан 10 жыл бұрын «Степной» қорықшасының қызметкерлері дала антилопаларының арнаулы су ішетін жері ретінде сақтаған. Бүкіл далада қорықшаның информациондық белгілері тұр. Келген моңғолдар орыс тілін тіпті білмейді және олар өздерінің әрекеттерімен ерекше қорғалатын табиғи территориялар режимдерін бұзып отарғанын түсінбейді.

Сондай-ақ олар Ресей Федерациясы субъектілері арасындағы ауырпалықты, территориялық талас ортасында қалғанында, түсінбейді. Мұнда моңғолдарды Бадма Есинович Гаряев - Қалмақия Республикасы Яшкөл ауданы ОАО "Племзавод Кировский"-дің директоры жіберген; бұрынғы осы ауданның бастығы, ол бұл жерді, республика шекарасынан шықпай-ақ, арендаға алған.

Астрахань облысы мен Қалмақия Республикасының шекаралары бұл жерде анықталмаған (реттелмеген). Федерациясының Екі субъектісі де бұл территорияны өздеріміздікі деп санайды.

Отан соғысы кезінде Қалмақия АССР-ы СССР Жоғарғы Советі Президиумының қаулысымен жойылған болатын. Оның жері көршілік облыстарға бөлініп берілген, ал қалмақтар Сібірге жер аударылған. 1950 жылы республика қайтадан қалпына келтірілген, бірақ аздаған шекара көлемінде.



Сурет 5. Полюсстайы

«Степной» қорықшасы территориясындағы моңғолдың кигіз үйлері.

«Степной» қорықшасының қазіргі территориясы Астрахань облысына тиген жерде қалған. СССР тарағаннан кейін субъектілер жер үшін соттаса бастаған. 2001 жылы округтік арбитражный сот Қалмақияның талабын қолдады және оған ауданның батыс жартысын беру туралы қаулы шығарды. 2003 жылы РФ Жоғарғы арбитражный соты қарама-қарсы шешім шығарды.

Деседе, талас территория- бұл негізінен ақбөкенді сақтау үшін маңызды роль атқаратын кең жартылай шөлейтті жайылым. 1990-шы жылдар аяғында Еділ өзенінің оң жағалауында бұл дала антилопасының саны тым азайып кетті және қазірде, 1997 жылдың деңгейімен салыстырғанда, шамамен 5 %-тей ғана. Ендігі қалған ақбөкендр үшін Лиман ауданының батыс жартысының үлкен маңызы бар – мұнда антилопаның ірі группировкасы тұрақты мекендейді, мұнда «туатын үйлері» бар, мұнда ақбөкеннің аналықтары топтанып келіп, балаларын туады.

Нақ осында, оларды сақтау үшін РФ субъектілері (екеуі де) региональдық маңызы бар қорықшалар Қалмақияда – Тингутинский, ал Астрахань облысында «Степной» қорықшаларын ұйымдастыру туралы хабарлады. Бұл қорықшалардың территориялары бірі біріне ұқсас. Бірақ территория дегенменде Астрахань облысына кіреді; нағыз қорғау шараларын «Степной» қорықшасының әкімшілігі жүзеге асырады. Ақбөкенді сақтау үшін маңыздысы – қорықша дирекциясымен келіспей, астрахань қорықшасы территориясында мал жаюға тиым салынған.

Себептері бірнешеу. Біріншіден, жайылымда ақбөкендер, қойлар мен ешкілер арасында конкуренттік қарым-қатынастар өте үлкен, сондықтан күзде ақбөкеннің негізгі қоныстарында ешкілер мен қойлардың жайылмағаны дұрыс, сол арқылы ақбөкендерге жақсы қыстап табысты шығуға мүмкіндік берген орынды. Екіншіден, потенциалды қауіпті қойлармен келген адамдар туғызады. Олар потенциалды браконьерлер. Үшіншіден, эпизоотия бұл ауданда ақбөкеннің қалған популяциясын «құрту» үшін қойларының арасында аурудың бірақ рет бұрқ ете қалуы жеткілікті. Түсінікті, қорықша территориясында басқа малдар өсіретін шаруашылықтардың болуы – қажетті емес және болдырмау керек.



Сурет Е.Полонскийдікі

Үріккен ақбөкендер суаттан қашуда.



Сурет Е.Полонскийдікі

Қорықша жерінде орналасқан қонақжайлы және жақсылық тілейтін моңғолдың малшылары заң бұзғандарына күдіктенбейді.

Бұл мәселе жөнінде Қалмақия Республикасы табиғат ресурстары министрлігінің пікірі (позициясы) әлі арнаулы жарияланған жоқ. РК МПР қызметкері Владимир Бадмаевтің арнаулы емес пікірі мынадай: «Черные земли» қорығын ұйымдастыруда Қалмақия өз жерінің бір бөлігін федеральдық меншікке берген, тек берілген жертуралы тек астрахандықтар келісімге келген жоқ. Сондықтан қорық кесіп тасталған вариантта ұйымдастырылды. Талас тудырып отырған территорияның белгілі бөлігінің формальды және фактілік жақтарын ескере отырып, жанжал тудырған жағдайдан шығудың дұрыс жолы - бұл жерлерді федеральдық меншікке беру және биосфералық қорықтың территориясын кеңейту болып табылады.

Астрахань жағынан 15-ші тамызда оқиғаны (ситуацияны) облыстық Үкіметтің Председателі Константин Маркелов: «Бүгінде заңсыз құрылыс жүргізілген жерде табиғатты пайдалану службасының қызметкерлері мен полиция болды. Қалмақия Республикасының аудандық өкіметтерінің бұл жерді арендаға беруі заңсыз әрекет екендігі көрініп тұр. Ең кемі екі заң бұзылған: шетел азаматтарының федерация субъектесі территориясына басқа субъектінің берген рұқсат документтер арқылы енуі және табиғат қорғау заңдылықтары. Жақын арада полиция, ФМС өкілдері, Астрахань облысының Үкіметі және аудандық өкіметтер Астрахань облысы территориясында заңсыз әрекеттерді болдырмау шараларын іске асырады. Мен Қалмақия Республикасы Үкіметінің председателі И.А.Зотовқа ескерттім. Мен одан заңсыз әрекеттерді өз еріктерімен болдырмауды сұрадым. Ситуация Астрахань облысы Губернаторының бақылауында».

Мақаланың толық текстісі мына сайтте - <http://strana.ru/journal/news/23202710>.

Редакциядан: Прессада соңғы арнаулы бекітілмеген информацияға қарағанда, моңғол қоныс-аударушылары қорықша территориясынан кеткен, <http://e-polonskiy.livejournal.com/237266.html>.

Өзбекстанда ақбөкеннің мониторинг мәліметтеріне талдау, 2006-2012 жылдар

Эмма Мардсен¹, Александр Есипов², Елена Быкова², Э.Дж. Милнер-Гулланд¹

1. Империял колледжі, Лондон.

2. Өзбекстан Республикасы ҒА-ның өсімдіктер мен Жануарлар дүниесінің генофонд Институты.

Автор-корреспондент: Э.Дж. Милнер-Гулланд, e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk

Өзбекстанда ақбөкенге мониторинг үш негізгі тәсілдерді қолдану арқылы 2006 жылдан бастап жүргізіледі: экспедиция уақытында ғалымдардың жоспардан тыс ғылыми мониторингі (бақылауы); жергілікті-тұрғындардың кездейсоқ бақылауларына негізделген коллективті мониторинг, ал 2012 жылдан бастап, жергілікті тұрғындардың мотоциклдермен бақылауына негізделген трансекттер арқылы жүргізілетін әдіс қолданылады. Біз Өзбекстанда ақбөкендердің маусымдық және кеңістік таралуы тенденциясын зерттеу үшін бұл мәліметтерді талдадық.

Шілде айынан қыркүйек айына дейін бақылау аз болғандықтан, бұл айлар талдаудан алынып тасталған. Сондай-ақ біз бақылаудан 2005 жылдың желтоқсан айын да шығарып тастадық (олардың барлығыда теміржол бойымен өтеді де, оларды объективті деп санауға болмайды); сондай-ақ басқа да бірнеше бақылаулар есепке алынған жоқ, өйткені олар географиялық жағынан Өзбекстаннан гөрі Қазақстанмен байланысты болуы керек. Анализге барлығы 186 бақылау енгізілген; оның 15-і жоспардан тыс ғылыми мониторинг арқылы, 147-і коллективтік мониторинг арқылы және 24-і 2012 ж. трансекті арқылы мониторингтан алынды. Бұл бақылаулар кеңістік және уақыт жағынан жақсы бөлінген (1-ші кесте, 1-сурет).


Мәліметтердің көлемі шағын, алынған мәліметтердің мөлшерлері де онша үлкен емес, мониторинг әдістерінде де (тек трансекталар мониторингін қоспағанда) бақылаушылар қай жерде болуына байланысты және жылдың қай мерзімінде олар далада болуына байланысты (мысалы, суық қыста және жаздың ыстық күндерінде емес) кейбір объективті емес мәліметтері де болуы мүмкін. Шындыққа жақын, кездейсоқ жерлерге қарағанда (Уилкоксон ранголық критериясы бойынша; $V=4542$, $p<0.001$) ақбөкендер жол бойына жақын жерде жиі кездеседі. Және керісінше кездейсоқ жерге қарағанда, поселкаларға жақын жерлерде ақбөкендерді көру де қиынға соғады (Уилкоксон ранголық критериясы бойынша; $V=17319$, $p<0.001$). Бұл, әсіресе коллективті мониторинг пен трансекталық әдістерді қолданғанда жақсы көреінеді. Тексерген жерлерде бақылаушылардың бұл нәтижелері субъективті пікірлерін білдіретендігін айту қиын; өйткені ақбөкендердің мінез-құлқымен салыстырсақ, олар бір орында тұрмайды ғой немесе белгілі арнаулы мекендерде болады ғой; сондықтанда тек трансектағы мониторинг маршруттарды толық сыйпаттайды, сол маршруттар арқылы

бақылаушылар жүріп өтті ғой; соған сәйкес ақбөкендерді іздеген аудандар туралы мәліметтер береді, бірақ жануарларды көрген жоқ. Соған қарамастан, бірқатар пайдалы қортындылар шығаруға болады.

1-ші суретте көрсетілгендей, бүкіл жыл бойы ақбөкендер Үстірт қыратында кең тараған. Мынаны атап айтқан жөн, мүмкін бүкіл жыл бойы ақбөкендер тіршілік ететін қыраттың оңтүстік – батысында учасок бар шығар. Бұл кенеттен, егерде Қазақстаннан ақбөкендер осы жерге қоныс аударатын болса, онда оларға теміржолды және жолды кесіп өтуге тура келеді және осы региондағы

Кесте 1. Жылсайын тіркелген ақбөкендерді бақылау саны, сонымен бірге қолданылған мониторинг әдістері.

Жыл	Бақылау саны	Мониторинг әдісі
2006	11	жоспарсыз ғылыми
2007	28	коллективті
2008	42	коллективті жоспарсыз ғылыми
2009	29	коллективті
2010	37	коллективті
2011	12	коллективті
2012	27	трансектілер жоспарсыз ғылыми



Сурет 1. Үстірт қыратының өзбек бөлімінің картасы, онда үш уақыт кезеңінде ақбөкендерге бақылау жүргізудің нәтижелері көрсетілген.

негізгі поселкалар жанымен өтуге тиіс. Бұл жер ұйымдастырылатын қорғау территориясы «Ақбөкен» қорықшасы территориясына енбейді, сондықтан мұндағы ақбөкендерге браконьерлік жасауға қолайлы. Бұл ауданда келешекте зерттеу жүргізу керек; онда шынында да ақбөкендер тіршілік ете ме, жоқпа, соны анықтау қажет. Өзбекстанда ақбөкендер қыс айларында ғана емес, сонымен бірге төлдеу және жаздың басында кездеседі. Толық сеніммен айтуға болады, Қазақстанмен шекаралас жерлерде ақбөкендерді сәуір айынан маусым айының аяғына дейін көруге болады; қазан айынан наурыз айына дейінгімен қарағанда (Крускала-Уоллиса критериясы, $\chi^2 = 17.11$, $df = 2$, $p < 0.001$).

Біз ақбөкендердің жиі пайдаланатын аудандарын анықтау үшін Максент моделін пайдаландық, 186 бақылау негізінде поселкаларға қашықтық, қардың қалыңдығы (биіктігі), салыстырмалы вегетациондық индекс NDVI және ауаның температурасы сияқты өзгергіш көрсеткіштерді пайдалану арқылы (толығырақ қара: Эмма Марссенттің магистерлік диссертациясын <http://www.iccs.org.uk/publications/thesis-archive-general/>). Нәтижелер жорамылдайды, интенсивті пайдаланатын аудандар «Ақбөкен» қорықшасының ұсынылып отырған кеңейтілген территориясымен сәйкес келеді.

Үстірт қыратының өзбек бөлігінде ақбөкендерге мониторинг жүргізу – қиын жағдайды және қаржының шектеулігін ескерсек, аса күрделі міндет (қара: Э. Оффорд мақаласын, SN-14). Мұны еске ала отырып, мұндай мәліметтердің көлемі жағынан аз екендегі түсінікті және оларды өзінше түсіндіру қиын. Жоспардан тыс ғылыми мониторинг өте пайдалы қосымша мониторингтің толық программасына, бірақ алынған мәліметтердің субъектілігін ескерсек, ақбөкендердің таралуына талдау жасағанда алынған информация тек шектеулі ғана қолданылады. Жергілікті тұрғындар арқылы алынған мониторинг көптеген базалық мәліметтерді алуға көмектесті, бірақ ол өлшенетін сандық мәліметтері жоқ болуына байланысты толық емес, кемшіліктері бар; өйткені ол систематикалық негізде жүргізілген жоқ. Бақылаулар нәтижесі аз болғандықтан, бұл талдауда трансекталардағы ұшқыштық зерттеу мониторинг материалдары толықтай пайдалануға жарамсыздау, бірақ ол одан әрі жалғасатын болса, онда келешекте өте пайдалы болар еді; өйткені ол



Сурет В. Грисорьевтікі

Арал теңізі жағасында кездескен ақбөкендер группасының іздері.

бақылаушының тікелей қатысуымен алынды ғой, ал талдаудың нәтижелерін сандық мөлшерде көрсетуге болады.

Бұл анализдің шектеулігіне қарамастан, Өзбекстанда ақбөкенді сақтау үшін «Ақбөкен» қорықшасының территориясын кеңейтудің маңызды екендігін дәлелдейді; сондай-ақ кеңістік және уақыт жағынан Үстірт қыратының өзбек бөлігінде ақбөкендердің кең тарағаны туралы жорамал береді, бұрынғы жорамалға қарағанда. Басты рекомендация (ұсыныс): трансектағы мониторинг методын жетілдіріп, кеңейту керек, сонымен бірге темір жол линиясынан жоғары және төмен жатқан участкілерді мониторинг жоспарына және ақбөкенді сақтауға кіргізу қажет. Мониторинг өткізу нәтижесінде алынған информацияларды Өзбекстанда бұл түрді қорғауды күшейту үшін пайдалануға болады; оған инспекторларды орналастыру және қорғалатын территорияларды ұйымдастыруды жоспарлауды қосу кіреді. Біз Уители, фауна мен флораның халықаралық қорына бұл жұмысты қолдағаны үшін рахметімізді айтамыз.

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватында (Қазақстан) ақбөкен мониторингі

Жаннұр Бақытжанқызы

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты, zhannur_85@mail.ru

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерват (МТР) территориясы ақбөкеннің бетпақдала популяциясының таралуының бір бөлігі болып табылады; Тұяқты аңдардың бұл түрі мекендейтін жерінің көлемі мен саны жағынан ең ірі группировка. Резерват Ақтөбе облысының оңтүстігінде орналасқан және екі участкіден тұрады: «Атанбасы» және «Алакөл». Екі участкілердің арасында «Торғай» зоологиялық қорықшасы орналасқан; ол жеке заңдылық тұлға емес және оны резерват басқарады (сур. 1). Жалпы қорғалатын жер көлемі - 1059549 га.

Ақбөкеннің бетпақдала популяциясын сақтау мен

Көктемде лақтарын туар кезде ақбөкендер әдетте Құланак, Сұңқария және Қосбүйрек қоныстарындағы участкелерде шағын группалар болып топталасады. Көктемгі қоныс аударудың жалпы бағыты, оның ішінде Ырғыз-Торғай резерваты территориясы да бар, - оңтүстіктен солтүстікке қарай, ал күзгі қоныс аудару – солтүстіктен оңтүстікке қарай өтеді. Қоныс аудару кезінде ақбөкендердің жалпы санының 80-90 % Шалқар-Теңіз сорының шығыс жағын ала өтеді және тек жануарлардың аз бөлігі ғана оның батыс жағын ала өтеді. 2012 жылы көктемгі қоныс аудару ақпан айының аяғы мен сәуір айының басына дейін жалғасты. Күзгі

қоныс аудару қазан айында басталды, бірақ негізінен қараша-желтоқсан айларында өтті. Маусымдық қоныс аударудан басқа ақбөкендерге жергілікті араласу қозғалысы тән немесе жақсы жайылым үшін немесе суат үшін көшіп жүру тән. 2011 жылдың 1-ші қаңтарына дейін Ырғыз-Торғай МТР-ы территориясында 33 мыңнан аса аңдар саналса, ал 2012 ж. 1-ші қаңтарына дейін 42 мыңнан аса ақбөкендер саналды, 25 %-ке өскен (кесте 1).

2012 ж. қараша айында резерваттың оңтүстік – шығыс бөлігінде автотрассада 17 мыңнан аса ақбөкендер кездесті. 2012 ж. желтоқсан айында резерваттың солтүстік бөлігінде «Алакөл» участкесінде шамамен 15 мыңдай ақбөкендер мекендеді, ал Қосбүйрек тауы төңірегінде – 2 мың, ал резерваттың оңтүстік – шығыс бөлігінде (Айырмола, Атанбас, Жыңғылдыөзек, Тегене участкілерінде) – шамамен 20 мыңдай ақбөкендер тіршілік етті. 2012 ж. қысында ақбөкендердің күйге түсуі Қыземшек,



Сурет 1. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының картасы, бар және жоспарланған участкілерді қосқанда.


Кесте 1. 2012 жылғы Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының әртүрлі участоктарындағы ақбөкендер саны

Параметрлер	ГТР	Участкілер		
		Алакөл	Қорықша	Атанбасы
Көлемі, га	1 059 544	88 180	296 000	675 369
Ақбөкендер саны, особь	42162	8250	6 200	27 712
Ақбөкендердің тығыздығы, ос./1000 га	39,8	93,6	20,9	41,0


Айырмола, Жүндібай, Жаратпа, Ыстықатпа, Жыңғылдыөзек, Теңгелбай, Қолшеген, Сыртөбе, Құрдым, Бақшакөл қоныстары маңында және Атанбас участкісінде желтоқсан айының 10-нан 20-ына дейін өтті. Төлдеу Айкөл, Қулықөл, Сұңқарқия, Мыңсай, Жиманай, Ұзынбидайық, Ұрысай және Құланак участкілерінде мамыр айының 10-ынан 20-ына дейін өтті. Төлдеген жерлер жусан-дақылды өсімдіктер – сорандармен бірге сирегірек сексеуіл өскен және татар рауғашы өскен шағын төбелі жазық дала. Төлдеу тобы

аналықтар мен 184 лақатардан тұрды; әрбір аналыққа орташа 0.7 лақтан келді.


Келтірілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, Ырғыз-Торғай МТР территориясы көбіне аңдардың қыстайтын ауданы болып табылады, ал аз мөлшерде – ақбөкендердің жазғы жайылымы; мұнда жануарлардың күйлеуі мен төлдеуі өтеді. МТР-та ақбөкендер саны әртүрлі жылдары және бір жылдың әртүрлі маусымдарында азықтарының сапасына және су көздерінің болуына байланысты шамамен өзгеріп отырады.




Сурет 2. Ырғыз-Торғай МТР территориясында ақбөкендердің қыста таралуы, 2012 ж.



Сурет 3. Ырғыз-Торғай МТР территориясында ақбөкендердің көктемгі таралуы, 2012 ж.



Сурет 4. Ырғыз-Торғай МТР территориясында ақбөкендердің жазғы таралуы, 2012 ж.



Сурет 5. Ырғыз-Торғай МТР территориясында ақбөкендердің күзгі таралуы, 2012 ж.

Солтүстік-Батыс Прикаспийде мекендейтін ақбөкендер популяциясының жағдайын бағалау үшін жергілікті тұрғындардың қатысуымен өткен мониторингті пайдалану

Дорвард Л.¹, Арылов Ю.Н.², Милнер-Гулланд Э.Дж.¹

1. Империял колледж, Лондон; 2. Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы; Автор-корреспондент: Лиджиа Дорвард, leejiah@gmail.com


Солтүстік-Батыс Прикаспийде мекендейтін ақбөкен популяциясы дүние жүзіндегі басқа популяциялардың қатысқан жағдайдан тыс қалған жоқ, 1950-шы жылдары оның саны 800 мың болса, ал 2001 жыл қарсаңында 15-20 мыңға дейін қысқарды. Соңғы 2012 жылғы санақ бойынша (қара: SN-16), оның саны 7 мыңдай ғана болды; бұрынғыдай қауіп бар, оның популяциондық саны қысқара береді. Соған қарамастан, популяцияның қазіргі саны жөнінде, оның өзгеру тенденциясы және таралуы жайында үлкен белгісіздік орын алған.

2008 жылдан бастап, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы жергілікті тұрғындардың қатысуымен мониторинг жөнінде үш проектіні жүзеге асырды: BRIDGE Британия Советінің проектін 2008 ж. наурызынан 2009 ж. қараша айына дейін, Рафффорд (Rufford) фондысы 2010 ж. қазанынан 2011 ж. маусымына дейін және АҚШ балық және жабайы құстардың Федеральдық службасы (USFWS) проектін 2012 ж. ақпан – қараша айларында жүзеге асты. BRIDGE және Rufford проекттері төңірегінде 25 бақылаушылардан қатысты, бірақ олардың ешбіреуі екі проектте бірдей жұмыс істеген жоқ, сонымен бірге USFWS проектінде 43 бақылаушылар жұмыс істеді және олардың біразы өткен проекттерге қатысты. Бақылаушылар ақбөкендердің кездескендерін тіркеді (көрген жануарлардың саны, күні және көрген уақыты, ақбөкендердің жынысы, бақылаушыдан қашықтығы, бақылау бұрышы және басқалар).

Бақылаушылар санақ маршрутының ұзындығын анықтамаған себепті абсолюттік немесе относителді тығыздығын санау (анықтау) мүмкін болмады; оған қарамастан, стаданың (топтың) саны жөніндегі мәліметтер және бақылау жиілігі жайындағы материалдар бірнеше проекттерге қатысушылардың

жинаған мәліметтерін (әр жылдары атқарған жұмыстарының көлемі бірдей деп жорамалдағанда), оларды бұл популяцияның статусының өзгеруін анықтау үшін пайдалануға болады. Бақылаушылардың бақылау жүргізген орындарын салыстыруды, олар ақбөкендердің кездескенін тіркеді ме, жоқ па оған қарамастан, жануарлардың кездескен кездеспеген мәліметтерін ақбөкендердің таралуын бағалау үшін пайдалануға болады.

Әр жылы стаданың мөлшеріндегі уақытша вариациясына байланысты үш маусымға бөлінді; көктем (күндер 1-122), жаз (күндер 123-244) және қыс (күндер 244-365). Жазғы стада мөлшері жағынан шағын, көктемгі және қыстағыға қарағанда ($\chi^2=46,2$, $p<0,001$) (сурет 1).



Сурет 1. Маусым және жыл бойынша стада мөлшерінің айырмашылығы, жергілікті тұрғындардың қатысуымен болған мониторинг мәліметтері

Көктемгі стаданың мөлшері әртүрлі жылдары едәуір айырмашылығы болды ($\chi^2=12,0$, $p=0,008$), стад мөлшері 2008 және 2012 жылдар аралығында және 2011 және 2012 жылдар аралығында азайды. Жазғы және қысқы стада санында онша айырмашылық болған жоқ (сур. 1).

2012 ж. бақылаушылардың үлкен тобы үлкен территорияны қамтысы да, бұрынғы жылдармен салыстырғанда, максимальдық және орташа стада мөлшері айтарлықтай қысқарғаны байқалады (табл. 1). Әр жылдары әртүрлі маусымдар мен территориялар қамтылғандықтан, бұл статистиканы байқап түсіндіру қажет, деседе 2012 ж. ірі стаданың қысқарғанын көрсетеді.


Көрсетілген талдаудан көрініп тұрғандай, 2012 ж., бұрынғы барлық жылдармен салыстырғанда, көктемгі стада мөлшерінің айтарлықтай қысқарған ($W_{255}=6175$, $p=0,0012$). Жылсайынғы жазғы стадалар арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ ($W_{185}=3249$, $p=0,52$), ал алдыңғы жылдары қысқы стада үлкен болды, 2012 жылмен салыстырғанда, бірақ бұл айырмашылық айтарлықтай емес ($W_{259}=3536$, $p=0,086$).

Стада мөлшерлерінің өзгеруін зерттеу үшін аралас тиімдінің линейлік моделі қолданылды, онда тек бір жылдан аса бақылау жүргізген бақылаушылардың ғана алған мәліметтері салыстырылды. Олар мынаны көрсетті: стаданың орташа мөлшерлері 2008 жылдан 2009 жылға дейін өскен, одан кейін 2010 ж. 2008 жылдың төменгі деңгейіне дейін қысқарған және 2011 және 2012 ж. қысқару жалғасқан. Жалғыз-ақ жылсайынғы стада мөлшерлеріндегі айтарлықтай айырмашылық басқа жылдарды 2009 жылмен салыстырғанда байқалды (онда стада мөлшері үлкен болған).

Бақылаушылармен жүргізілген ақбөкендерді кездестіру жиілігінің өзгеруі зерттелген, мұнда бақылаушылар бірнеше проектілерге қатысқан болуы керек; егерде жыл сайын бақылаушының атқарған жұмыстарының көлемі бірдей болса, онда кездесу саны аз болса, ал далада стада саны азайғанын көрсетеді. Ай сайын кездесу санының едәуір қысқаруы BRIDGE және USFWS проектілерге қатысқан 8 бақылаушыларда байқалды; 2008/2009 жылдары айына орташа 1.6 ақбөкендерді кездестіруден 0.5 кездестіруге дейін 2012 ж. ($V_8=26$, $p=0,047$). Rufford және USFWS проектілеріне қатысқан 20 бақылаушылардың мәліметтері бойынша, ай сайын орташа кездесу саны 0.89-дан (2010-2011 жж. 0.32-ге дейін 2012 ж. азайған ($V_{20}=188$, $p=0,0002$).

Кесте 1. Стаданың максимальды және орташа мөлшері (95% сенімді интервалмен), тіркелген стаданың жалпы саны және 2008-2012 жж. Белсенді бақылаушылар саны. Әрбір жылда стаданың минимальды саны бірге тең

Жылдар	Стаданың максим. мөлшері	Стаданың орташа мөлшері	Бақылау саны	Бақылаушылар саны
2008	2000	32±11	222	25
2009	4500	544±440	46	25
2010	800	48±13	89	25
2011	6500	86±32	220	25
2012	30	7±0,45	122	43



Сурет 2. BRIDGE (2008/2009 жж.) және Rufford (2010/2011 жж.) проектілері мен USFWS (2012 ж.) проектісінің орындалу уақыттарында ақбөкен ареалының өзгеруін көрсететін карта.

Точкалар USFWS проектісі уақытында бақылаушылардың болған жерлерін көрсетеді. Түстер проектіні орындау кезінде бұл точкада ақбөкеннің соңғы кездесуі жазылып алынғанын көрсетеді.

Өткізілген талдау 2008-2012 жж. Ақбөкеннің таралуында бірқатар өзгерістер болғанын байқатады (сурет 2). Бір проектіден артық проектілерге қатысқан бақылаушылардың көпшілігі ақбөкендерді екі проекті кезінде де көрген ($n=24$). Rufford проектісінің барысында ақбөкендерді көрген 4 бақылаушы, бірақ оларды проект USFWS барысында кездестірген, ақбөкендерді екі проектілер кезінде де тіркеген бақылаушылардан онша алыс емес жерде тұрған (бір-бірінен қашықтығы 5.7-ден 12.1 км-ге дейін болған).

Мүмкін, әр жылда мөлшерінің едәуір өзгеруінің бір себебі – бақылаушылардың орындарын өзгертуі де болуы мүмкін (сурет 1). Rufford проектісінен бес бақылаушы, BRIDGE немесе USFWS проектілерінде жұмыс істемеген, ең үлкен стада және сондай жиі кездескен ақбөкендерді 2010 және 2011 жылдары тіркеген. Олар ақбөкендер мекендері орталығында тұрады, тікелей «Stepnoi» қорықшасы мен «Черные земли» қорығының оңтүстігінде. Олардың Rufford проектісіне қатысып, бірақ USFWS проектісіне қатыспауы, екі проектінің орындалу аралығындағы кезеңде стада мөлшерлерінің айырмашылығы едәуір болуы мүмкін деген болжам тудыруы ғажап емес; популяцияның өзгеру тенденциясы туралы біздің дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігімізді азайтады. Бірақ талдаудың нәтижелері 2012 ж. ақбөкен популяциясының саны, бұрынғы жылдарға қарағанда, төмен болғандығын көрсетеді.



Сурет 1. Доржсүрөткі

Аналық лақтарымен тез-ақ бақылаушыдан жасырында.

Ўзбекистанда Үстірт қыратында тұяқты аңдардың сирек түрлерін заңсыз аулаудың деңгейі

Быкова Е.А., Есупов А.В.

Ўзбекистан Республикасы ҒА-ның өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің генофонд институты, ақбөкенді сақтау Альянсы, esipov@xnet.uz

Ўзбекистандағы Үстірт қыратында жойылып кету қаупінде тұрған тұяқты аңдардың үш түрі анық тіршілік етеді: ақбөкен (*Saiga tatarica*), қарақұйрық (*Gazella subgutturosa*) және үстірт арқары (*Ovis vignei [orientalis] arkal*). FFI және WCN (жабайы табиғатты қорғау ұйымы) қолдауымен өткізілген жергілікті тұрғындардың қатысуымен жүргізілген мониторинг программасы төңірегінде Үстірт қыратында тіршілік ететін тұяқтыларды браконьерлердің аулау дәрежесін бағалауды тексеруді жөн көрдік. Мысалы, жергілікті тұрғындарды сұрау мәліметтері мынаны көрсетті: 2009 жылдың қазан айынан бастап 2012 жылдың желтоқсан айына дейін 250 ақбөкендер (76 текесі және 174 ұрғашысы), 22 қарақұйрық және бір арқар заңсыз ауланған. Браконьерліктің тұяқтыларға әсерін бағалау мақсатымен біз аңшылардың бір группасының (1 мотоцикл, 2 адам) календарлық жылда (2010 ж. мамырынан 2011 ж. сәуір айы ішінде) ақбөкен мен қарақұйрықты аулау мәліметтеріне талдау жасадық.

Атап айту керек, браконьерлер үшін бастысы әртүрлі жастағы ақбөкеннің текелеріне аңшылық жасау (бір жастағыны қоса); олардың мүйіздері Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия базарларында үлкен сұранысқа ие. Ересек аналықтар еттері үшін ауланады. 2013 жылдың мәліметі бойынша, ақбөкеннің 1 кг жас мүйізінің бағасы 1000 000–1 500 000 сум (\$370-550) тұрады; еті – 9 000-10 000 сум, сиыр, қой және түйе еттеріне қарағанда 1.5 есе арзан. Қарақұйрыққа заңсыз аулау, негізінен, еті үшін жүзеге асады. Сонымен бірге, жергілікті тұрғындар оның мүйізіін, ақбөкен мүйізі сияқты, трофейлік бұйымдар жасауға және қорғайтын тұмар есебінде пайдаланылады. Қарақұйрық санының өте аз болуына, Үстірт поселқаларынан қоныстарының өте алыс болуына және жергілікті пайдалануға байланысты, бұл түрге аңшылық жасау, ақбөкенге аңшылық жасағандай танылған емес.

Жалпы алданған пікір бойынша, аңшылықтың нағыз интенсивті фазасы ақбөкендердің қоныс аудару кезеңіне сәйкес келеді; ал біздің мәліметтеріміз көрсеткедей, аңшылық бүкіл жыл бойына теңдей келеді. Браконьерлер айналып бірден тоғызға дейін рейдтер жасайды; аңға шығудың саны ауа райына байланысты (күшті аяз, терең қар, жаңбыр, қардың еруі) және өз



Сурет А.Есуповтікі

Қарақалпақстан поселқасына жақын жерден табылған, браконьерлер мүйіздерін кесіп алған ақбөкеннің бас сүйегі.

себептеріне (қаржы, денсаулығы және тағы басқалар) байланысты. Біздің қарап отырған мысалымызда аңшылық 10 айдың ішінде өтті, тек 2011 жылдың қаңтар және наурыз айларын санамағанда, бұл қиын ауа райы жағдайымен және өзіндік себептерге байланысты болды. Жалпы 46 аңшылыққа шығушылық болды, оның төртеуінде ақбөкен кездескен жоқ. Басқа жағдайдың бәрінде де ақбөкендерді ұстауға әрекеттер жасалды, оның 30-ы табысты болды. Бір рет аңшылық жасаудың орташа қашықтығы 290 шақарымды құрады. Бірнеше жыл бұрын, аңшылардың сөздеріне қарағанда, табысты аңшылық жасау үшін аз қашықтықты жүріп өту керек еді. Орташа браконьерлер көрген ақбөкендердің 47% атып алатын. Аңшылықтың тиімділігі, ептілік пен табиғи факторлардан (рельеф, жер топырақты жағдайы бірге және тағы басқа) басқа, аңшылардың жеке мінез-құлықтарына байланысты болады (бірқатар аңшылар биылғы туған лақтары мен буаз аналықтарына тимейтін ережені ұстайды). Бір рет аңшылық жасағанда атып алған аңға ең көбі 10, орташа саны – 3.9. Айына 3-тен 39 ақбөкенге дейін ауланып алынды, орташа - 11. 2010 жылдың мамырынан 2011 жылдың сәуіріне дейін тек бір ғана аңшылар группасының аулап алған ақбөкендердің жалпы саны - 132 (39 текесі, 93 аналықтары). Өзбекстан азаматтары ақбөкенге аңшылықты Қазақстанның шекаралық аудандарында жасайтыны туралы анықталған фактілер бар. Бұл кезеңде браконьерлер 18 қарақұйрықты аулап алған (7 еркегі және 11 ұрғашысы). Аңшылық көбіне сәуірден тамыз айына дейін өтетін. Бұл, біріншіден, ақбөкенге аңшылық жасаған кезде болса, екіншіден, Өзбекстанда ақбөкен саны аз жылдың жылы мезгілінде қарақұйрықты аулау байқалады. Қарақұйрыққа 10 рет жасалған аңшылықтың 9-і нәтижелі болған. Талдау (выборка) аз болғандықтан, біздің мәліметтер браконьерліктің реальды деңгейін көрсете алмайды. Деседе, олар браконьерлік фактілері жөнінде мәліметтер береді, олардың кезеңділігі мен аулағыштығы туралы түсінік береді.



Сурет А.Есуповтікі

Браконьерлер бригадасы.

Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі



Сурет В.Хрущевтің

Анатолий Васильевич ХЛУДНЕВ – Астрахань облысы "Степной" мемлекеттік табиғи қорықшасының директоры. Анатолий – Ресей Армиясының кадровый офицері, запастағы подполковник. Міне 10 жылдан аса Анатолий барлық өзінің уақыты мен энергиясын Солтүстік-Батыс Прикаспий даласындағы уникальды дала антилопасын сақтауға жұмсайды.

ғылыми – көпшілікке арналған фильмдерді түсіруге қатыстық. Жиі мектеп оқушылары үшін экспедиция ұйымдастырамыз; жаспай табиғатқисондай қамқорлықпен қарауға үйрету, біз келешекте ұтамыз. Жылсайын көктемде Ұлыбританиядан, Германиядан, Австриядан, Швейцариядан келген туристтермен экскурсияда боламыз.

Ред.: Сіз қашан алғашқы рет ақбөкенмен қызықтыңыз?

А.Х.: Ақбөкендер туралы ерте балалық шақ кезімде естідім, бірақ бірінші рет оларды көру оқиғасы бақытты кездейсоқ жағдайда, 7 класта оқитын кезде болды. Бұл күнді жақсы есте сақтаймын: мен ауыл адамдарымен бірге коллективті қысқы балық аулауға қатыстым. Кенеттен қыраттың үстінен тез жүгіретін жануарлар группасы көрінді, және барлық ересектер – «Ақбөкендер!!!» деп айқай салды. Маған бұл жануарларды көруге тура келді, олардың барлығы қысқы күйінде, шамамен группада 500-дей ақбөкен болды. Олардың ішінде ірі текелері «мүйізділері» болды.

Ред.: Қашан Сіз ақбөкенді зерттеу және сақтау жұмысымен айналыса бастадыңыз?

А.Х.: 2000 жылы Совет Армиясы қатарында қызмет атқару біткен соң маған ақбөкенді қорғау жұмысын ұсынды; «Степной» қорықшасының директоры қызметін. Табиғатты қорғау энтузиасттер группасын біріктіріп, жақсы қорғау шараларын ұйымдастырдық, жергілікті тұрғындар арасында табандылықпен профилактикалық жұмыстар жүргіздік. «Степной» қорықша территориясында және оған көршілес территорияда кезкелген браконьерлікке жол бермедік.

Ред.: Сіздің әдеттегі күніізнені көрсетеді?

А.Х.: Мен өзімді кабинеттік қызметкер деп санамаймын, қағаздық жұмыстарды тым қысқа уақытта орындауға тырысамын және қызмет уақытының көп бөлігін рейдте өткізуге және кезекте дежурстванда болуға тырысамын, тұрақты біздің қатысуды қамтамасыз ететін. Жұмыс күні көптеген оқиғалармен толығады; тікелей қызметке байланысты міндеттерді орындаумен қатар біздің коллектив қорықшаға келген студенттердің, ғылыми қызметкерлердің ғылыми ізденістері мен эксперименттеріне көмектеседі. Бірнеше рет телеканалдар «СТС», «300 ТВ», Ұлыбритания кинотүсіретін группасы (соңғының ғылыми консультанты, Ақбөкенді сақтау Альянсы басқармасының мүшесі Алин Кюль (Alin Kuhl) түсірген

Сурет Елены Жаркванің



Анатолий Хлуднев және ZooTV командасы.

Ред.: Сіздің жұмысыңызда ең жақсысы не?

А.Х.: Менің жұмысымдағы ең жақсысы?? Қалыптасқан коллектив, онда Ар мен Намыс ұғымдары бос сөз емес!!! Команданың кезкелген әр мүшесі қорқынышпен емес, ар-намыс үшін жұмыс істеуге тырысады, біздің әрқайсымыз, қазіргі айтуға модалы, ақырғы нәтижеге «жету»! Ал біз үшін нәтиже – қазіргі қарапайым емес жағдайларда ақбөкендерді сақтауға көмектесу.

Ред.: Ақбөкенді сақтау келешектері қандай? Бұл түрге көмектесу үшін (тірі қалуы үшін) бірінші кезекте не істеу қажет?

А.Х.: Бүгінде Қалмақия Республикасы территориясында браконьерлік жалғасуда. Егерде арнаулы Федеральдық отряд ұйымдастырылмаса, онда ақбөкен популяциясының келешегі қауіпті жағдайда.

Ред.: Сіз табиғатты қорғау саласында бірнеше онжыл бойы жұмыс істейсіз. Бұл жылдары не өзгерді, бұл салада қазіргі тенденция қандай?

А.Х.: Өзгеріс негізінен Астрахань облысы территориясында болды: жергілікті тұрғындар жағынан браконьерлік толығын жойылды. Қалмақия Республикасының жергілікті тұрғындары жағынан да жаппай браконьерлік тоқталды, деседі Қалмақияда ақбөкендерді жою толық тоқталды деп айту қиыны. 2000-2007 жылдар аралығында ауданда популяция саны

тұрақтандыруға қол жетті. Қалмақияда Федеральдық арнаулы отрядты таратқан соң, және тұяқты аңдарды қорғау міндетін региондарға берген соң, қорғау мәселесінде құлдырау басталды. 2008 ж. тоғыз айында қорғау деген тіпті тоқталды. Сол себепті ақбөкен популяциясының саны тез төмендеді, 2010 ж. ақбөкен саны 12 000 болды. Қазірде Ресей популяциясының саны 7 мыңнан аспайды.

Редакциядан: "Степной" қорықшасының қалыптасуы мен жұмысындағы жетістіктері үшін Астрахань облысының Губернаторы А.В. Хлудневтің кандидатурасын жақында ғана ұйымдастырылған "Волго-Ахтубинское междуречье" региональды табиғи парктің директоры етіп бекітті. Біз Анатолий Васильевичке оның жаңа жұмыс орында табыс тілейміз. «Степной» қорықшасының директоры болып, А.В. Хлудневтың бұрынғы орынбасары Владимир Калмыков тағайындалды. Ол қорықша ұйымдасқан бері осында жұмыс атқарады. Біз сенімдеміз, қорықша жақсы қолда қалды және біз оған қолдау көрсетуді жалғастырамыз.

Сурет А. Хлудневтің



«Степной» қорықшасында ақбөкендер суатта.

Хабарландыру

Ақбөкеннің Ресурстық Орталығы ашылды!



Ақбөкенді сақтау Альянсы, Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы, қоныс аударатын түрлердің Бонский конвенциясы (КМВ) ресми түрде ақбөкеннің Ресурстық Орталығы (РЦС) ашылғанын қуанышпен хабарлайды. Бұл веб-сайт дүние жүзілік масштабта ақбөкенді сақтау мәселелері жөнінде координациондық (үйлестіру) орталығы болады; ол көптеген ұйымдар мен жеке адамдарға, бұл салада істейтін немесе ақбөкенді сақтауға мүдделі, идеямсы, тәжірибесімен және информациямен табысты алмасуға мүмкіндік береді; бұл ақбөкенді сақтау мәселелерінің тиімділігі мен нәтижелерінің өсуіне мүмкіндік береді. Ақбөкеннің Ресурстық Орталығы төрт тілде жұмыс істеді:

Ағылшынша: <http://www.saigaresourcecentre.com/>

Орысша: <http://ru.saigaresourcecentre.com/>
Қытайша: <http://cn.saigaresourcecentre.com/>
Қазақша: <http://kz.saigaresourcecentre.com/>

Бұл сайт негізгі функцияны орындайды. Бірінші функция – ақбөкенмен және оны сақтау проблемаларымен танысу. Сайтті қолданатын көптеген қолданатындар үшін пайдалы информацияларды жеткізу мақсатымен ойландырылған. Ақбөкенді бірінші көрушілер бұл түрмен және оны сақтаудың негізгі проблемаларымен танысады; мысалы, ақбөкенді сақтау мәселесінде КМВ-тың өзара түсініктілік Меморандумымен (MoB) сайтта сондай-ақ ақбөкенді сақтау сферасында профессионалдар үшін пайдалы мынадай информация - КМВ-тың MoB-тың орындалу

туралы есеп формасын ұсыну.

Сайттың екінші функциясы – ресурстық база (сақтау орны) есебіне қызмет жасау. Сайттан сіз ақбөкендердің көптеген фотографияларын таба аласыз, сондай-ақ видеозаписерді, әдебиеттерді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы информациондық – ағартушылық материалдарды да осынан табасыз. Бұл ресурстар сайтте сақталады және барлық жерде және әркім қол жеткізе алады; ақбөкенді ғылыми зерттеу мен оны қолдау әрі оны сақтау проблемасында оған қолдау көрсету. Біз сенімдеміз, ақбөкен таралған елдерде көптеген ресурстар бар, олар сайтқа әлі жеткен жоқ. РІС жұмысын жақсарту мақсатымен, біз сұраймыз «Saiga News»-тың барлық оқырмандарынан, сіздерде суреттер, видеоснимки, жарияланған әдебиеттер (кезкелген тілде), информациондық – ағартушылық бағытындағы жұмыстар болса, бізбен хабарласыңыздар мына адреспен: saigaresourcecentre@gmail.com, сіздің материалдарды біздің сайтқа қалай енгізуді талқылаймыз.

Үшінші функция, мүмкін, сайттың нағыз маңызды бөлігі – бұл Ресурстың бөлімі мамандар үшін. Бұл сайттың қорғалған құпия (пароль) участоғы ақбөкенді

сақтау сферасындағы барлық профессионалдардың пайдалану үшін ұсынылады. Сіз аудармашы, немесе мемлекеттік қорықтың инспекторы, ғалым немесе сіздің мамандығыңыз ақбөкенді сақтаумен байланысты болса, веб-сайттың бұл бөлімі сізге персональды (профиль) ашуға және өз жұмысыңыз туралы информациямен бөлісуге мүмкіндік туғызады. Ақбөкенді сақтау жөнінде профессионалдардың каталогын жасап, олардың тәжірибелері мен жұмыстарын сыйпаттай отырып, біз аралдағы елдер арасындағы қарым-қатастар мен тәжірибе алмасуды жақсартуға жағдайлар жасауға көмектесеміз. Келешекте бұл бөлім тиімді әрі қолайлы проекттер дайындауға көмектеседі және MoB KMB-де көрсетілген міндеттердің табысты орындалуына баға береді.

Біздің сайт Сіздерге ұнайды деп сенеміз. Оның мүмкіндігі зор, олардың барлығын сипаттауға мұнда орын жеткіліксіз. Барлығынан бұрын біз сіздермен «Ақбөкеннің Ресурстық Орталығында» кездесуді күтеміз; ақбөкеннің дағдыры жөнінде қам жеген адамдардың тиімді сеттерін бірлесіп ұйымдастыру үшін және өзара қарым қатынастарды жақсартуды бастау қажет, соның нәтижесінде бұл түрді сақтауда үлкен табысқа жететіміз сөзсіз.



Сурет: WCN

Джой Ковейді еске алу

Қайғырып хабарлаймыз, Джой Ковей біздің үлкен досымыз және көп уақыттан бері SCA-ны қолдаушы донор, сәтсіз оқиға нәтижесінде қайтыс болды. Джой елу жаста еді, Амазон (Amazon) компаниясының бас қаржы директоры қызметінде ауыр жұмыстан кейін демалуды ұнататын; бұл компанияда ол оның құрылғанынан бастап жұмыс айтқаратын.

Джой және оның сегіз жастағы ұлы Тайлер ерекше жануарларға көмектесуді өте ұнататын, оларда біздің ақбөкенді сақтау жұмыстарымызға сонша қызығушылық болды. Біз оларды Өзбекстанда барлық біздің проекттерді қолдағаны үшін өте құрметтейміз; әсіресе, басқалармен қатар балалар үшін бізге дала клубтарын ұйымдастыруға көмектесті және басқа мүмкіндіктері жоқ жергілікті әйелдерді қолдау үшін дәстүрлі колөнерін ұйымдастыруға жәрдемдесті. Бұл қайғылы уақытта Джой семьясына қайғырып көңіл айтамыз.

Алғыстар

Біз өзіміздің үлкен алғысымызды білдіреміз барлық адамдарға, кім қажылай көмектесті және ақбөкенді сақтау Альянсының жұмыстарын қолдауға уақыттарын бөлді. Біз WCN қызметкерлері мен волонтерлеріне бізді қолдағаны және көмектескендері үшін алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ алғысымызды Раффорда фондысының кіші гранттар программасына, WCN, WWF-Моңғолия және WCS-Қытайға осы номерді шығаруды қолдағаны үшін ризашылдықпен білдіреміз.

Редакция алқасы. Ұлыбритания: проф. Э.Дж.Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Лондонның Империял Колледжі (e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk); Д.Мэллон [рецензент], МСОП-тың антилопалар жөніндегі жұмыс группасы, d.mallon@zoo.co.uk; Қазақстан: Ю.Грачев, проф. А.Бекенов зоология институты (teriologi@mail.ru), О.Климанова, АСБК (olga.klimanova@acbk.kz); Қытай: Аили Канг (akang@wcs.org) және Фенглиан Ли (fli@wcs.org), WCS Қытай; Моңғолия: Б. Лхагвасурен (lkhagvasuren@wwf.panda.org) және Б. Чимеддорж (chimeddorj@wwf.panda.org), WWF-Моңғолия; Ресей: А.Лушекина, Экология және Эволюция проблемасы Институты (saigak@hotmail.com) және Ю.Арылов, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы (kalmalsaiga@mail.ru); Өзбекстан: Е.Быкова [жауапты редактор] және А.Есипов, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі генофонд Институты (esipov@xnet.uz); В.Григорьев [дизайн, верстка].

Бұл баспа онлайннан алуға болады; www.saiga-conservation.com, <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> немесе сұраныш бойынша басылған данасын ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдерінде редакторлардан алуға болады.

Алты тілдердің бірінде жазылған материалдарыңызды бізге жіберуге болады. Оларды мына адреске жіберулеріңізді: esipov@xnet.uz немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Авторлар үшін ағылшын және орыс тілдеріндегі ережені табуға болады: www.saiga-conservation.com немесе сұраныш бойынша редакторлардан алуға болады. Егерде сіздерде сұрақтар туса, өз елдеріңіздегі Saiga News – редакторымен байланысыңыздар немесе жауапты редактормен - Елена Быковамен (esipov@xnet.uz).